

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 14 қазан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа шақырылғандар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлына беріледі.

Құрметті әріптестер, бүгін Серікқали Аманғалиұлының туған күні.

Серікқали Аманғалиұлы! Туған күніңізбен құттықтаймыз! Мықты денсаулық, жұмысыңызға табыс тілейміз.

БРЕКЕШЕВ С.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Ақтау қаласында 2018 жылғы 12 тамызда өткен V Каспий саммитінің қорытындысы бойынша Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманың күшіне енуі үшін Каспий маңы мемлекеттерінің басшылары мемлекетішілік келісу рәсімдерін өткізу туралы шешім қабылдады.

Осыған байланысты «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді.

Хаттаманың мақсаты Каспий теңізінің биологиялық әртүрлілігін, экожүйесін сақтау және биологиялық ресурстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ету. Осыған байланысты Каспий маңы мемлекеттерінің қатысуымен мынадай шараларды қабылдау қарастырылған:

қорғалатын түрлер мен олардың мекендеу орындарына теріс әсерін тигізетін қызметті реттеу;

флора мен фаунаның қорғалатын түрлерін, олардың бөлшектерін, сондай-ақ дериваттарды коммерциялық мақсатта әдейі, кездейсоқ аулауды және қажет болуына қарай оларға тыйым салуды бақылау;

фаунаның, әсіресе көбею, инкубация, ұйықтау немесе қоныс аудару кезеңінде, сондай-ақ басқа да биологиялық күйзеліс кезеңінде бұзылуына әкеп соғатын қызметті бақылау және қажет болған кезде оған тыйым салу.

Әрбір тарап басқа тараптар қарсы болмаған жағдайда осы хаттаманың мақсаттары үшін қорғау мақсатында теңіз ортасында және жағалау аумағында қорғалатын аудандарды бөле алады:

құрып кету қаупі төнген түрлердің мекендейтін жерлері;

флора мен фаунаның қауіп төнген немесе эндемикалық түрлерінің тіршілік етуі, көбеюі және қалпына келуі үшін өмірлік маңызы бар мекендеу орындары;

ғылыми, эстетикалық, мәдени немесе білім беру маңыздылығына байланысты ерекше маңызды объектілерді қорғау.

Аудандарды қорғау және оларды басқару мақсатында тараптар қажетті табиғат қорғау шараларын көздейді. Оның ішінде:

1) экожүйенің тұтастығына тікелей немесе жанама зиян келтіруі мүмкін қалдықтар мен өзге де заттарды көмуге немесе орналастыруға тыйым салуды енгізу;

2) осы ауданға интродукцияны және реинтродукцияны реттеу;

3) құрылыс немесе іздестіру жұмыстарына байланысты кез келген қызметті реттеу;

4) балық аулауды, аңшылықты, жануарларды аулауды, өсімдіктер жинауды немесе оларды жоюды реттеу.

Хаттамаға қосылу Қазақстанның биологиялық әртүрлілігін сақтауға, теңіз кемелерінен және антропогендік көздерден қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі жедел және тиімді шараларды іске асыру жөніндегі мемлекеттердің көпжақты ынтымақтастығына жәрдемдесуге қатысу қажеттілігімен айқындалады.

Хаттама мүдделі мемлекеттік органдармен ескертулерсіз келісілді және теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлына беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемый Сериккали Амангалиевич! Охрана Каспийского моря является одним из приоритетных направлений экологической политики нашего государства. Принято большое количество нормативных документов, затрагивающих Каспий в различных аспектах.

В настоящее время усиливается роль общественности, общественных институтов в процессе принятия управленческих решений и контроля за их исполнением. В этой связи у меня вопрос: какие меры намечены в рамках протокола по повышению осведомленности общественности, и как сейчас эта работа ведется? Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопрос.

Во-первых, статья 18 протокола предусматривает повышение осведомленности общественности путем информирования о состоянии флоры и фауны Каспийского региона после проведения научных исследований.

Кроме того, информирование о придании статуса охраняемым районам, их важности и других мероприятиях, связанных с Каспийским морем.

Также в рамках протокола для общественности предусмотрена разработка образовательных и информационных систем о состоянии биоразнообразия Каспийского моря.

В соответствии с новой редакцией Экологического кодекса любые планируемые объекты строительства на Каспийском море должны в обязательном порядке проходить общественные слушания. При этом уполномоченный государственный орган в области охраны окружающей среды в обязательном порядке размещает на своем интернет-ресурсе всю необходимую информацию по данному объекту. Любой желающий может не только ознакомиться с этой информацией, но и внести свои предложения и замечания, которые в обязательном порядке должны быть учтены.

Кроме того, в рамках проведения экологического мониторинга компания «NCOC» проводит работу по исследованию территории своей производственной деятельности. Эта информация также вывешивается на сайте данной компании.

Повышение осведомленности или информирование общественности проводится путем выезда к месту проведения работ, также осуществляется посредством круглых столов. Эта информация в обязательном порядке размещается в средствах массовой информации. Такая работа проводится на постоянной основе, не реже одного раза в квартал. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ. Серікқали Аманғалиұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, Каспий теңізі қайталанбас фаунасы мен флорасы бар экономикалық және

әлеуметтік маңызы зор стратегиялық аймақ, сондықтан да өте мұқият қорғауға жататын ұлттық байлығымыз болып саналады.

Оның экологиялық жағдайы, әсіресе теңіздің биологиялық әртүрлілігін сақтау және табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану ерекше назарды талап етеді.

Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында экологиялық ахуалды жақсарту, биологиялық әркелкілікті сақтау, табиғат байлықтарын заңнамалық тұрғыдан қорғау мәселелерінің еліміз үшін маңыздылығын атап өткен болатын.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы Каспий маңы мемлекеттерінің қоршаған ортаны және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қорғауға және орнықты пайдалануды бірлесіп қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді реттеуге бағытталған.

Хаттаманы ратификациялау Каспий теңізінің бірегей теңіз ортасы мен биологиялық әртүрлілігін, сондай-ақ жойылып кету қаупі төнген және эндемикалық флора мен фаунаны сақтау шараларын қабылдауды көздейді.

Сонымен қатар заң жобасы Каспий теңізінің жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесіне теріс әсер ететін қызметтерді реттеуге, антропогендік факторлардан теңіз ортасының ластануын болғызбауға және ерекше маңызды объектілерді қорғауға мүмкіндіктер туғызады.

Жалпы хаттамаға қосылу Каспий маңы мемлекеттерінің көпжақты ынтымақтастығы аясында теңіз экожүйелерін қорғау жөніндегі жедел және тиімді шараларды іске асыруға ықпал етері сөзсіз.

Заң жобасы жұмыс топтарының, комитеттің кезекті және кеңейтілген отырыстарында жан-жақты қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті Төраға! Баяндалғанды ескере келе Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенғазы Мағауияұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Каспий теңізінің биологиялық ресурстарының сарқылу себебі экологияның өзгеруінен ғана емес, сондай-ақ теңіздің экожүйесіне антропогендік араласудан, атап айтқанда, Каспий теңізінің түбінде мұнай өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты болуы мүмкін.

Бұл ретте қарастырылып отырған биоалуантүрлілікті сақтауға және теңіз ортасын қорғауға бағытталған заң жобасының маңызы өте зор. Сонымен қатар жоспарланған шараларды іске асыруға қатысты бірқатар проблемалар бар.

Прежде всего возникает вопрос: кто и как будет оценивать биологическое разнообразие казахстанской части Каспийского моря?

Во всем мире такая работа относится к фундаментальным научным исследованиям, то есть изучением биоразнообразия занимаются специализированные научно-исследовательские учреждения, имеющие соответствующую научную базу, которые дают объективную и независимую оценку как государственные учреждения.

У всех наших соседей по Каспию, в частности в России, Азербайджане, Иране, биологические ресурсы Каспийского моря изучают государственные научно-исследовательские институты. А мы эти функции отдали в конкурентную среду – частным организациям.

Мы понимаем, что конкуренцию в науке нужно развивать, но это же фундаментальные исследования, связанные с установлением естественных закономерностей. Наверное, поэтому мы не можем на должном уровне защитить интересы экологии перед нефтяными компаниями.

В Казахстане есть специализированный Государственный научно-исследовательский институт рыбного хозяйства, но его ученые не могут заниматься исследованием биоресурсов Каспия из-за отсутствия соответствующей морской научно-экспериментальной базы.

Главной причиной катастрофического снижения численности осетровых видов рыб является обмеление рек Урал и Кигач, где сосредоточены нерестилища этих ценных пород рыб. По данным специалистов, площади нерестилищ за последние годы уменьшились в восемь раз.

Понятно, что нам нужно активизировать работу с нашими российскими коллегами по решению экологических проблем трансграничной реки Урал. Этот вопрос всесторонне обсуждался во время встречи нашего Спикера Сената Ашимбаева Маулена Сагатхановича с Председателем Совета Федерации Российской Федерации Матвиенко Валентиной Ивановной. Но вместе с тем нам нужно делать все, что зависит от нас самих.

В целях создания необходимых условий для размножения ценных пород рыб на соответствующих участках рек Урал и Кигач всегда осуществлялись дноуглубительные работы и в советский период, и после. Однако в прошлом году они были сорваны, чем был нанесен дополнительный ущерб и без того ограниченному развитию осетровых. Причем причиной этого являлось не отсутствие бюджетных средств, а несвоевременная подготовка проектно-сметной документации. Это только один пример организационных проблем в этой отрасли.

Келесі мәселе, биологиялық ресурстардың сақталуын мемлекеттік инспекция қызметі қамтамасыз етеді. Бірақ елімізде балық шаруашылығы инспекторларының саны жылдан-жылға азайып бара жатыр. Қазір Жайық-Каспий бассейні балық шаруашылығы инспекциясында тек 123 инспектор жұмыс жасайды. Біз инспекторлардың осынша санымен үш облыстың су объектілерін және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қалай бақылаймыз?

Қорытындылай келе, мен бұл заң жобасын қолдайтынымды айтқым келеді. Бірақта біз Каспий теңізінің бірегей биологиялық әртүрлілігін сақтау жөніндегі мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға мұқият назар аударуымыз қажет.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергеліне беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Қаралып отырған хаттама биологиялық әртүрлілікті сақтауға және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын орнықты пайдалануға бағытталған.

Каспий теңізі географиялық орналасуы жағынан аса маңызды стратегиялық аймаққа жатады. Жағалау сызығының ұзындығы 7 мың шақырым. Жан-жағы түгелдей құрлықпен шектесетін теңіз суы бес елдің мемлекеттік шекараларымен өтеді, 29 пайызы Қазақстан үлесінде.

Теңіз ортасының биологиялық әртүрлілігін сақтауда Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің рөлі маңызды. Ол өзен жүйелері мен жер ресурстарына байланысты жыл құстары мен жануарлар үшін қолайлы мекен болып айқындалған. Осыған байланысты Каспий теңізінің солтүстік бөлігі елімізде мемлекеттік қорық аймағы ретінде белгіленген.

Осы орайда заң жобасын қолдай отырып, келесіні атап өткім келеді.

Хаттама экологиялық жағынан да әлеуметтік-экономикалық жағынан да маңызды болып табылады, өйткені Каспий маңы мемлекеттерінің бірлескен іс-шаралары арқылы Каспий жануарлар популяциясының, олардың флорасы мен фаунасының әртүрлілігін қорғау және сақтау үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Хаттаманы ратификациялау Қазақстанның биологиялық әртүрлілікті сақтауға, антропогендік көздерден теңіз ортасының ластануын болғызбауға, Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын орнықты пайдалануды қамтамасыз етуге қатысуы үшін қажетті мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ хаттаманы ратификациялау Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау бойынша жедел әрі тиімді шараларды іске асыру жөніндегі Каспий маңы мемлекеттерінің көпжақты ынтымақтастығына ықпал ететін болады.

Құрметті әріптестер! Заң жобасының маңыздылығын ескере отырып, оны қолдаймын және сіздерден қолдау сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Каспий теңізінің биологиялық алуандығы мен экожүйесін сақтау еліміз үшін стратегиялық мәселелердің бірі. Осы ретте бүгінгі қабылданған заңның

маңызы зор. Сондықтан бұл құжат теңіз жағалауындағы бес мемлекеттің осы бағыттағы ынтымақтастығын күшейтіп, Каспийдің экожүйесін сақтауға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіне шығарылған мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, сауалдар бар ма?

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову.

«Құрметті Ералы Лукпанович! Деятельность ТОО «СК-Фармация», Национального центра экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий, а также Министерства здравоохранения Республики Казахстан вызывает вопросы у наших граждан.

Министерством, по данным контролирующих органов, расходы на лекарственные средства и медицинские изделия планировались на основании бюджетной заявки, в которой отсутствовали либо превышались количественные показатели по пациентам.

В 2020 году на 39 нозологий неэффективно израсходовано почти 66 миллиардов тенге. Эти нарушения допущены на фоне недофинансирования по шести нозологиям в размере 26 миллиардов тенге.

На складах хранения ТОО «СК-Фармация» содержатся препараты, закупленные в 2019 – 2020 годах на 159 миллионов тенге, которые подлежат уничтожению из-за истечения срока годности.

По имеющейся информации, министерством на основании расчетов Национального центра, а также вопреки статье 76 Кодекса «О здоровье народа и системе здравоохранения», превышались предельные цены на препараты, в результате лекарства закуплены на 1,5 миллиарда тенге дороже их стоимости.

Эта ситуация позволяет участникам рынка поставлять лекарственные средства и медицинские изделия по завышенной стоимости, вступая в сговор между собой. Например, уполномоченным органом при проверке ТОО «СК-Фармация» законности процедур госзакупок вакцин на 9 миллиардов тенге установлены признаки запрещенного статьей 169 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан картеля между участвовавшими в аукционе поставщиками ТОО «КазБелМедФарм» и «Medix». С нарушениями приобретено 16 препаратов стоимостью 14,4 миллиарда тенге, не имеющих доказанную клиническую эффективность.

Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан в список единых дистрибьюторов на 2020 год внесены изменения и дополнения по 48 наименованиям лекарственных средств, цены которых завышены на 1,8 миллиарда тенге.

На основании изложенного прошу Министерство здравоохранения Республики Казахстан информировать о:

возможности разработки совместно с Агентством по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан изменений и дополнений в Правила № 1729, направленных на исключение рисков заключения антиконкурентных соглашений

между поставщиками лекарственных средств, медицинских изделий и фармацевтических услуг;

обеспечении актуализации и достоверности сведений о пациентах в информационных системах для их надлежащего учета;

внесении в Правила ввоза лекарственных средств и медицинских изделий дополнения, предусмотрев необходимость обоснования ввоза конкретного препарата для предотвращения и/или устранения последствий чрезвычайной ситуации;

необходимости разработки и утверждения единых для всех медицинских организаций правил определения потребностей в лекарственных средствах и медицинских изделиях при подготовке бюджетной заявки министерства, предусматривающих пошаговый алгоритм действий и зону ответственности должностных лиц на всех этапах ее формирования.

Просим дать ответ в установленный законом срок».

Полный текст депутатского запроса прилагается. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Наш депутатский запрос адресован Премьер–Министру Республики Казахстан Мамину Аскару Узакпаевичу.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! Как известно, 2020 год был разрушительным для глобального здравоохранения. Неизвестный ранее вирус, распространившийся по всему миру, быстро вошел в число основных причин смерти и обнажил недостатки систем здравоохранения стран вне зависимости от их экономического развития и политической системы.

Как сообщает Организация Объединенных Наций, в ежегодном статистическом докладе Всемирной организации здравоохранения отмечено, что на сегодняшний день реальное число умерших во время пандемии COVID-19 может быть в два-три раза выше официальных цифр и составляет в общей сложности 6-8 миллионов человек.

По Казахстану с марта 2020 года зарегистрировано 910832 заболевших COVID-19, из них 77434 пневмонией с признаками коронавирусной инфекции.

В кратчайшие сроки учеными было создано более 10 видов вакцин. И здесь создание вакцины «QazVac» является ярчайшим примером инновационного прорыва, доказательством высокого уровня биологической науки в стране, что позволило Казахстану войти в число передовых стран мира, разработавших собственные вакцины против коронавирусной инфекции. Однозначно, отечественная вакцина внесет значительный вклад в борьбу с коронавирусом и укрепление здоровья населения.

Однако случаи заболевания COVID-19 уже вакцинированных зафиксированы во всех странах. Поэтому мировое научное сообщество находится в поисках создания специфического лекарственного препарата для лечения коронавирусной инфекции, ее последствий, в том числе используя лечебные свойства растений в качестве фармацевтических препаратов.

В настоящий момент в рамках крупного платформенного исследования средств для снижения смертности от коронавирусной инфекции ВОЗ «Solidarity PLUS» проводится оценка препарата артезунат, являющегося производным артемизинина – противомалярийного препарата, получаемого из полыни однолетней.

В Казахстане имеются сырьевые возможности для развития данного направления благодаря огромным территориям, где есть значительные сырьевые запасы лекарственных трав, которые могут быть основой фармацевтического производства.

Так, юг Казахстана является природной зоной произрастания полыни дармины, содержащей высокий процент эфирного масла дарминол. Это вещество наряду со значительным бактерицидным и противовирусным действием в отношении некоторых форм микробов (стафилококков, стрептококков и других.) также обладает и противовоспалительным действием.

В 80-90-х годах XX века учеными тогда еще Казахской ССР было обнаружено, что сантонин (производное полыни) очень эффективен против гриппа. Именно это лекарственное вещество сейчас привлекает внимание ученых как противовирусное лекарственное средство против COVID-19 и вызываемой им легочной пневмонии.

Таким образом, есть достаточно оснований для того, чтобы продолжать исследовать влияние экстракта полыни на COVID-19 и в Казахстане. В данном направлении на сегодня казахстанскими учеными на базе Института топлива, катализа и электрохимии имени Сокольского реализуется научная программа по разработке высокоэффективных лекарственных веществ из растительного сырья с противовирусной активностью в отношении COVID-19 и сходных вирусных инфекций. И в этом случае нельзя исключить открытие именно в Казахстане действенного препарата от COVID-19, что является весьма ценным в контексте биологической безопасности страны, тем более что Президент страны Касым-Жомарт Токаев неоднократно говорил о необходимости дальнейшего развития отечественной фармацевтической отрасли.

Уважаемый Аскар Узакпаевич! Учитывая важность создания отечественных эффективных лекарственных препаратов из растительного сырья против COVID-19, считаем целесообразным оказание всесторонней и комплексной поддержки со стороны государства в разработке противовирусных веществ, реализующейся в рамках программно-целевого финансирования науки, в том числе соответствующих предклинических и клинических испытаний в организациях здравоохранения страны.

Просим дать письменный ответ на депутатский запрос в установленные законом сроки.

С уважением, депутаты Нукетаева, Бактиярулы, Бекназаров, Капбарова, Куртаев».
Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н. Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Роман Склярға арналады.

«Құрметті Роман Васильевич! Қазір Қазақстанның кез келген үлкен қалаларының барлығында да зырылдаған самокаттарды көресіз. Тротуардың кез келген тұсынан шыға келеді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті осындай құрылғылардың қатысуымен болатын оқиғалардың ресми статистикасын жүргізбейді.

Қазір осы электрсамокаттар, самокаттар, гироскутерлер азаматтардың өміріне айтарлықтай қауіп төндіретін жағдайға жетті. Биылғы 8 айдағы ведомстволық деректерге сәйкес 387 оқиға тіркелген, 25 адам қайтыс болып, 411 адам жарақат алған.

Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңының 64-бабына сәйкес осы құрылғылар уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге жатпайды. Сонда қалай болғаны, жылдамдығы автокөлік жылдамдығына барабар (кейде сағатына 60 километрден асады) электрсамокаттар ешқандай көлік санатына жатпай ма?

Қазіргі уақытта нормативтік актілерде осы типтегі құрылғылардың жіктеуі жоқ. Ішкі істер министрлігі электрсамокаттарды қандай да бір дәстүрлі көлік түріне жатқызу бірқатар принципті техникалық айырмашылықтар мен пайдалану ерекшеліктеріне байланысты мүмкін еместігін айтады. Мәселен, Кеден одағының «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентіне сәйкес жалпыға ортақ жолдарда пайдалануға арналған кез-келген көлік құралы жақын және алыс шамдармен, жарық қайтарғыштармен, бұрылыс көрсеткіштерімен, габаритті шамдармен, тежегіш сигналымен, спидометрмен және бүйір айналармен жабдықталуы тиіс. Бізде мұның бірі де жоқ. Бұл қалай?

Аталған құрылғыларға тиісті жіктеудің және техникалық талаптардың болмауы оларды басқаратын адамдардың құқықтары мен міндеттерін заңнамалық бекітуге, сондай-ақ техникалық реттеудің қажетті әдістерін, нарықтағы айналым немесе пайдалануға беру қағидаларын, қауіпсіздік талаптарын, сәйкестікті бағалау рәсімдерін, таңбалаудың бірыңғай талаптарын белгілеуге мүмкіндік бермей отыр.

Осыған байланысты электрсамокаттарды әкелуді және қауіпсіз пайдалануды құқықтық реттеу қажет деп білеміз.

Сізден:

жоғарыда аталған құрылғыларды жіктеу және заңнамалық актілерге тиісті түзетулер енгізу мәселесін тездетіп пысықтауды;

Еуразиялық экономикалық одақтың салалық техникалық регламенттерінің нормаларын ескере отырып, осы құрылғыларға тиісті регламенттер, стандарттар мен талаптар әзірлеуді;

кедендік бақылауды жүзеге асыру шеңберінде регламенттер мен стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтін құрылғылардың шеттен әкелуін шектеу бойынша шаралар қабылдауды сұраймыз.

Осы мәселені қараудың үйлестірушісі ретінде Сауда және интеграция министрлігі белгіленген. Министрлік тиісті стандартты әзірлеуді жылдамдатса өте дұрыс болар еді.

Көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен, Нұртөре Жүсіп». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Қазақстанда азаматтардың табыстары бойынша өте көп айырмашылық бар. Пандемия, экономикалық дағдарыс және инфляция халықтың аз қамтылған топтарын одан әрі кедейшілікке алып келді. Ал табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың үлесі қалаға қарағанда ауылдық жерлерде 2,5 есе көп. Бірақ мұндай әлеуметтік ахуал қазақстандықтардың болашақ ұрпағына әсер етпеуі тиіс. Біздің жастарымыз өз отбасыларының материалдық жағдайына қарамастан лайықты білім алуы керек. Жыл сайын елімізде 150 мыңға жуық оқушы орта мектепті бітірсе, олардың 74 мыңы, яғни жартысы ауыл тұрғындары.

«Ауыл – ел бесігі» деп бекер айтылмайды. Халқымызда «ел болам десең бесігіңді түзе» деген қанатты сөз бар.

Еліміздегі ең ірі аграрлық университетті басқарған адам ретінде ауыл балаларының табиғатынан дарынды болатынын, оларды үлкен еңбекқорлық пен ерекше патриотизм сезімі ерекшелендіріп тұратынын айтқым келеді. Бірақ өкінішке қарай, аз қамтылған отбасыларынан шыққан көптеген дарынды балалар жоғары білімнен тыс қалуда.

Мұның себептері ауыл мектептерінің мәселесімен байланысты. Ауылдық жерлерде педагогтердің тапшылығы 2100-ден астам адамды құрайды, бұл республиканың педагог кадрларға деген барлық қажеттілігінің 60 пайызы. Ауыл мектебінде бір мұғалім физика, әдебиет және музыканы оқытатын жағдайлар бар.

Қала мен ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасы салыстыруға келмейді. Өткен жылы біз ауыл тұрғындары арасында әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға қатысқандардың бірде-біреуі өз ауылында «интернет жақсы жұмыс істейді» деп жауап берген жоқ.

Елімізде 22 ауылдық ауданда тіпті колледждер, яғни кәсіптік білім беру ұйымдары жоқ. Жоғары оқу орындарына келетін болсақ, көптеген ауыл балалары мектептерде алған білімдерінің төмендігіне байланысты мемлекеттік білім беру гранттарын ала алмайды. Ал олардың көбісінде ақылы оқуға мүмкіндік жоқ.

Аграрлық университеттерде тіпті қисынсыз жағдайлар қалыптасуда. Ауыл шаруашылығы мамандықтарына бөлінген мемлекеттік гранттарды ең алдымен жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге қажетті уәждері бар адамдар алуы керек, яғни негізінен ауыл жастары.

Осы ретте көптеген жылдар бойы Парламент депутаттары Білім және ғылым министрлігінің алдына ауыл мектептерінің түлектеріне аграрлық мамандықтарға түсу үшін ауылдық квотаны 30 пайыздан кем дегенде 50 пайызға дейін арттыру қажеттілігі туралы мәселені көтеріп келеді. Бірақ бұл мәселе табанды түрде шешілмей отыр. Парламенттік тыңдаулардың ұсыныстары неге орындалмайды деген сұрақ туындайды.

Аграрлық университеттерді бітірушілердің ауылдық жерлерге жыл сайын тек 30 пайызы ғана жұмысқа орналасады, қалғандары мемлекеттік қаражат есебінен оқып, жұмыссыздар қатарын толықтыра отырып қалаларда қалады. Осындай себептен ел бюджетінде жыл сайын кем дегенде 1,5 миллиард теңге тиімсіз жұмсалады.

Егер дамыған елдердегі университеттердің тәжірибесін қарастыратын болсақ, онда оқуды өтеудің екі түрлі құны бар: барлығы үшін шартты құны және әлеуметтік осал топтардағы студенттерге арналған арнайы құны. Сонымен қатар көптеген университеттерде стипендия тағайындаудың басты критерийі жай ғана үлгерім емес, отбасының табыс деңгейі. Осындай және басқа да бағдарламалардың негізінде бұл мемлекеттерде әлеуметтік және материалдық жағдайына қарамастан оқимын деген және іріктеуден өткен барлық жастарға жоғары білім алуға мүмкіндік берілген.

Қазақстанда биылғы жылы мемлекеттік білім беру гранттарына 310 миллиард теңге бюджет қаражаты бөлінді, бірақ олар Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері бойынша беріледі. Әлеуметтік осал топтардың әртүрлі санаттарына сәйкес квота бар болғаны 0,5-5 пайызды құрайды. Бұл мәселені шешпейді.

Еліміздің жоғары білім беру саласындағы білім беру гранттарын бөлу жүйесіне өзгерістер енгізетін уақыт жетті. Мемлекеттік гранттар мен стипендияларды тестілеу нәтижелері мен үлгерімі негізінде ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің қолдауынсыз оқи алмайтындарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында бөлген жөн.

Бұл шаралар аз қамтылған отбасылардан шыққан жастардың мансаптық өсуіне әлеуметтік лифт бола отырып елімізде адам капиталын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Құрметпен, сенаторлар Күрішбаев, Бақтиярұлы, Жұмағұлов, Нөкетаева, Жұмағазиев, Трумов, Нухұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Ел Президенті үстіміздегі жылғы Жолдауында орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығына қатысты шұғыл шара қабылдап, мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды тарту қажеттігін және де тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсетудің айрықша маңыздылығын нақты атап өтті.

Бүгінгі күні еліміздің көпшілік аймақтарындағы мектеп орындарының жетіспеушілік мәселелері жан басына қаржыландыру жүйесімен мемлекеттік білім беру мекемелерімен бірге жеке меншік мектептердің қызметімен де шешіліп жатқаны белгілі және бұл әдіс оң нәтижесін беруде. Алайда өңірлерге іссапар барысында, жергілікті ата-аналар, қоғам белсенділері және мәслихат депутаттарымен кездесулерде республикалық деңгейде шешілетін өзекті мәселелерге қатысты бірқатар сауалдар туындады.

Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне сәйкес елімізде жекеменшік мектептердің саны 257, ондағы білім алушылардың саны 64 мыңға жуық оқушыны құрап отыр. Тек Шымкент қаласының өзінде соңғы кезде 34 жекеменшік мектеп ашылып, оның 25-і жан басына қаржыландыру арқылы 14 мыңға жуық оқушыға ақысыз білім беруде және

осы аталған жекеменшік мектептерде 7 мыңға жуық әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары білім алууда.

Қазіргі уақытта мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде жан басына қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдары мен жекеменшік мектептердегі білім алатын әлеуметтік көмекке мұқтаж санатындағы оқушыларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, киім және бір реттік тамақтандыруды қамтамасыз етуде теңсіздік орын алып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы талаптарына сәйкес аймақтардағы білім басқармалары әлеуметтік көмектермен тек мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің жоғарыда аталған санаттағы оқушыларын ғана қамтамасыз етеді. Алайда мемлекеттік тапсырысты алып отырған жекеменшік мектептерде оқитын жері бойынша әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылар санатына кепілдендірілген әлеуметтік пакеттен тыс тиесілі көмектерменен қамтамасыз етуді іске асырудың заңдылықтары қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған оқушылардың әлеуметтік көмек көрсетілуі қажет санаттарын қаржыландыру үшін нормативтік құқықтық актілерді сәйкестендіру қажеттілігі туындауда. Бұл өз кезегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жекеменшік білім беру ұйымдарында оқитын әлеуметтік көмек алуы тиіс балаларды қаржыландыру тетіктерін реттеу арқылы мемлекеттік мектептердің жүктемесін ішінара азайтуға және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларды қолдау мүмкіндігі болар еді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Жоғарыда көтерілген мәселелерді шешу мақсатында қолданыстағы заңнамалық актілерге қажетті өзгерістер енгізу бойынша іс-шаралар қабылдауыңызды сұраймыз.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні берілетін болады.

Құрметпен, депутаттар Бекназаров, Бақтиярұлы, Қапбарова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер! Басқа депутаттық сауалдар жоқ, осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 14 қазан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о сохранении биологического разнообразия к Рамочной конвенции по защите морской среды Каспийского моря», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.А. БРЕКЕШЕВТИҢ баяндамасы

Доклад Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан БРЕКЕШЕВА С.А. 1

Сөз сөйлеген:

Выступил:

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. 2

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Д.М. МУСИННИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий МУСИНА Д.М. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

КҮРІШБАЕВ А.Қ. 4

НҰРАЛИЕВ Ө.Т. 6

Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. 7

Депутат Д.Ж. НӨКЕТАЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Мамину А.У. 8

**Депутат Н.Б. ЖҮСПІТІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖУСИПА Н.Б. к Заместителю Премьер-
Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. 9

**Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Мамину А.У. 11

**Депутат Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**


Депутатский запрос депутата БЕКНАЗАРОВА Н.К. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Мамину А.У. 12

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева